«№7 Атырау қалалық емханасы»
ШЖҚ КМК-ның жиналыс
**ХАТТАМАСЫ**

Атырау қаласы 13.12.2024 жыл

**Өткізілген орны:** **«№7 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК ғимараты** (мекен-жайы: Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, құрылыс 39)

басталу уақыты: сағ: 15:00
аяқталу уақыты: сағ: 15:35

**төрағалық етті:** Емхана директоры Г.Танбаева

**Отырысқа қатысушылар саны:** 21 қызметкер

**Күн тәртібі:** Кәсіпорын қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет бойынша қызметкерлерді жұмылдыру.

Жиналысты емхана директоры ашып, күн тәртібіндегі мәселеге тоқталды. Жалпы еліміздегі сыбайлас жемқорлық бағытындағы жасалынып жатырған жұмыстар, осы бағыттағы заңнамалық актілердің орындалысы, оған әр адамның жауапкершілігі мен төзімділігі бойынша хабарландырды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың жобасы» Қазақстан Республикасының Заңымен жиналғандарды таныстырып, бұл Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік органдардың, лауазымды адамдар мен мемлкеттік функцияларды жүзеге асыратын басқа да адамдардың тиімді жұмысын қамтамасыз ететін сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қатерлер екенін атап көрсетті. Осы Заңның демократиялық принциптерді кеңейтуге, мемлекеттік органдардағы ашықтық пен бақылауға бағытталғандығына назар аударды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидалары айтылды: заң мен сот алдында барлығының теңдігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте көмек көрсететін азаматтардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ол барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлықпен күресуге міндетті екендігін баса мәлімдеді. Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтардың алдын алу туралы айтылды. Кез келген нысанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған әңгіме өткізілді.

Келесі сөз кезегінде емхана комплаенс офицері А.Кумаргалиева сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының жүйесімен таныстырып өтті. Кәсіпорында жаңадан байқау кеңесі құрылғандығын атап көрсетіп, жауапты бөлімшелер басшыларынан, меңгерушілерінен өз бөлімдеріне қатысты ішкі құжаттар жаңадан бекіту қажеттілігін ескертіп, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырушы факторларға қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша нақтылауды сұрады. Жаңадан қабылданған барлық ішкі ережелер мен тәртіптердің орындалысы үнемі бақылауда болатындығын айтты. Сыбайлас жемқорлық фактілерін тудыруға жол бермеуде әр маманның ат салысуын сұрап, заі алдындағы жауапкершілік туралы хабарлады. Мемлекет тарапынан осындай сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуда ат салысқан тұлғаларға қарастырылған қаржылай сыйақы бойыншада заң нормасымен түсіндірді. Жаңа жылдан бастап ішкі талдау жүргізілетіндігін, қажетті құжаттарды дайындауда мұқияттылық танытуды және әр жұмыс күні сол заңнама бойынша міндеттерін орындауда жемқорлықты болдырмау шараларын сақтауды жалғастыру қажеттілігін мәлімдеді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1.Емханада сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шаралары жүзеге асырылсын;
2.Барлық бөлімше өз бөлімдері бойынша ішкі нормативтік құжаттарының байқау кеңесіне бекітуге ұсынсын;
3.Алдағы жылы ішкі талдау жұмысы өз дәрежесінде тиісінше жүргізілсін.

**Төрайым:** ________________**Г.А.Танбаева**

**Хатшы:** ________________**А.Кумаргалиева**